

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-  
ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІ  
МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ ЖӘНЕ ЭКОНОМИКА ЖОҒАРЫ  
МЕКТЕБІ**

**ЭКОНОМИКА БАҒДАРЛАМАСЫ  
«ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЭКОНОМИКА II»**




**Қабылдаған: Жетібаев Жантөре**

**Орындаған: Мадалиев Иззатилло**

**Тобы: ЭЭК-611**

- Сыртқы сауда саясатында мемлекет тарифтік кедергілерден басқа тарифтік емес кедергілерді де қолданады. Соңғысы өз ішінде сандық (мөлшерлік), жасырын, қаржылық шектеулер болып бөлінеді. «Мөлшерлік шектеулер» - сауда айналымын тарифтік емес реттеу формасы, ол белгілі бір уақыт аралығында экспорт пен импортқа рұқсат етілген тауарлардың саны мен номенклатурасын анықтайды.
- Мөлшерлік шектеулер келесі формаларда болады: квоталау (контингенттеу), лицензиялау және экспортты «еркін» шектеу.

## Бейтарифтік шара үлкен екі топқа бөлінеді



Басты экономикалық бейтарифтік шектеулерге баждардың ерекше түрі, әртүрлі салықтар мен алымдар, импорттық депозиттер, валюталық реттеу әдістері жатады.

## Әкімшілік бейтарифтік реттеулер көп түрлі болады

эмбарго, лицензиялау, квоталау, еркін экспортты шектеу, монополиялық әдістер, протекционистік саясатты стандарттық және техникалық шаралар қолдану, қосымша кедендік іс қағаздары мен құжаттары нарық механизмі арқылы қызмет етеді де, импортты және экспортты қымбаттатады.

Ал екіншісі болса, нарық қатынасынан бөлек импорт кіруін шектейді және отандық тауарлардың шетке шығуын шектейді. Айта кететін нәрсе, егер біз экономикалық бейтарифтік шектеулерді қолдансақ, онда нарықтағы соңғы сөз тұтынушы болады: ол таңдау және шешім қабылдау еркіндігін сақтайды.

## Сыртқы экономикалық қызметті бейтарифтік реттеудің көп тараған түрлері:

Тауарларды шеттен әкелуге немесе шектеулер деп аталатын шығаруға тИЫМ салу;

Лицензиялау;

Квота белгілеу;

Кедендік тосқауыл;

Эмбарго,

□ Кейбір тауарларды әкелуге және елден әкетуге тиым салудың мақсаты артық қауіпсіздікті сақтау, сондай-ақ қоғамдық тәртіпті, халықтың өмірін, қоршаған ортаны, ұлттық нарықты қорғау болып табылады. Аталған өнім салу негіздері мен мақсаттары әр елдің саяси және экономикалық жағдайларына сәйкес өзгеріп отырады.

## Тиым салу түрлері:

Тек белгілі бір тауардың екелуіне тиым салу, мұндай жағдайларда толық, уақытша және маусымдық шектетеулі деп аталатын түрлері қолданылады; Ашық және бүркемеленген тиым салу, бұл шешімдері негізінде белгіленген қағидалар мен нормаларды импортерлердің орындалмаған жағдайларында қолданылады. Бүркемеленген шектеуге елдің ішкі суларына шет ел кемелерінің енуіне тиым салуды жатқызуға болады.

- ❖ Лицензиялау халықаралық саудада өзінің үлкен ерекшелігімен көзге түседі және оның жауапты мемлекеттік ұйымдардың рұқсаты мен бір өнімнің көлемін алып кіруге уақыты бар. Лицензиялау халықаралық тәжірибеде белгілі бір өнім ағымын қатал бақылайтын уақытша қолданылатын шара ретінде көрінеді, бұл уақытша қажет емес импорттауға шектеуі салу.
- ❖ Шетел тәжірибесінде лицензиялық тәртіптің шығу күнінен бастап импорттық өнімге лицензия беру тізімінің қысқаруы басталады. Бұл тәжірибені бірінші болып бастаған Франция елі еді. Бірақ кез-келген батыс мемлекеттердің бұл тізімге бірнеше тарифтік позициядағы өнімдергі кіргізген



## Қазіргі кездегі шетел тәжірибесінде қолданылатын лицензия түрлері:



**Негізгі лицензия**- фирманың белгілі бір өнімді импортқа шығаруы үшін тұрақты қызмет етуге берілген рұқсат қағазы. Бұл шығарылатын өнімдердің көлемі, бағасы шектеусіз болады. Кейде лицензияда алып келетін өнімнің түріне рұқсат етілмейді деп көрсетіледі. Негізгі лицензия тізімі тұрақты, арнайы басталады.

**Жеке лицензия** - нақты бір өнімнің түріне бір рет сауда операциясын жүргізуге беріледі. Бұл жерде алушының аты және өнімнің және өнімнің шыққан елі көрсетіледі. Бұл қағаз жеке адамда болады, басқа импортерге беруге болмайды және бір уақыт мөлшері көрсетіледі.

# Квота

- бұл сандық шектеу. Максималды көлемде немесе алып келуге рұқсат етілетін тауар құнына жеке тарифтік, маусымдық, глобалдық және басқа да пайыздық шектеулер.

- Жеке квота дегеніміз - импорттауға рұқсат етілген тауарлардың жалпы саны тауар әкелуші елге бөлінеді. Топтастыру әдісі бойынша екі түрлі квота бар:
    - пропорциялық барлық квота шеңберінде әр елдің өткен мерзім импорт үлесі;
    - екі жақты келісімдер. Ол басқа елдің сауда саяси ұсынылған айырбасқа міндеттеме (кейбір кезде екі жақтың келісімімен).
- Денсаулық сақтау, қауіпсіздік, қоршаған ортаны қорғау мақсатында импорт тауарларына пайыздық квота бекітілуі мүмкін.

# Эмбраго

— белгілі бір нақты елдердің экспорты мен импортына тиым салу.

Тарифтік емес реттеудің ең төтенше шарасы кедендік блокада мен эмбарго болып табылады.

Кедендік блокада - кедендік ресімделуді тоқтатып қою, кеден қоймаларында тауарларды ұстап тұру т.б. жүзеге асырылады.

Мұндай шаралар мақсаты — блокада жасалатын мемлекеттермен сыртқы экономикалық байланыстарды бұзу болып табылады.

Қазіргі таңда Қазақстанда импорт алмастыру бағдарламасы жүзеге асуда. Бұл бағдарлама бойынша кейбір өзгерістер бар: 2000 жылдың өзінде өндірістің «өсуі-114% ,ал 2005 жылы – 116,4 % болды. Ал 2005% осы бағдарлама шеңберінде 3 млрд. теңгенің өнімі өндірілген. Ол 2004 жылмен салыстырғанда 44,4% көп. Осы бағдарлама нәтижесінде 192 кәсіпорын құрылып, 17,9 мың жаңа жұмыс орны пайда болған, 94 кәсіпорында - ISO халықаралық сапа жүйесімен басқарылу енгізіледі.

